

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2020 жылғы 15 мамырдағы № ДС-96 тапсырмаға

Құрметті депутаттар!

Иесіз электр желілері мен трансформаторлық кіші станцияларға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар Ұлт жоспары - 100 нақты қадамының 51- қадамын және Иесіз электр желілерін беру жөніндегі Жол картасын орындау шеңберінде иесіз электр желілерін (бұдан әрі – ЭЖ) және трансформаторлық кіші станцияларды (бұдан әрі – ТКС) қысқарту бойынша жұмыстар жүргізуде.

Сонымен, иесіз ЭЖ мен ТКС қысқарту оларды жергілікті табиғи монополия субъектілеріне беру арқылы жүзеге асырылады. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде иесіз ЭЖ және ТКС ұзындығы 225 км және тиісінше 98 км қысқарды (2 125 км ЭЖ және 532 ТКС қысқарды).

Бұл ретте, аталған объектілерді жергілікті табиғи монополия субъектілеріне 2020 жылдың соңына дейін беруді аяқтау жоспарланып отыр.

Тұтастай алғанда иесіз коммуналдық желілер мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр